

**Ақтөбе облысы әкімдігінің бірлескен ҚАУЛЫСЫ
және облыстық мәслихаттың ШЕШІМІ**

Ақтөбе қаласы

№

2017 жылғы 3 наурыз

**Қобда ауданының әкімшілік-
аумақтық құрылысындағы
өзгерістер туралы**

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 11-бабының 2), 3) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына және 27-бабының 2-тармағына сәйкес және Қобда ауданының өкілді және атқарушы органдарының ұсыныстарын ескере отырып, Ақтөбе облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақтөбе облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған схемалық картаға сәйкес Бұлақ ауылдық округінің шекаралары, оның құрамынан жалпы көлемі 36451 гектар аумақты, соның ішінде Талдысай ауылын шығара отырып өзгертілсін.

Жалпы көлемі 84697 гектар Бұлақ ауылдық округінің шекаралары белгіленсін.

2. Қоса беріліп отырған схемалық картаға сәйкес, әкімшілік орталығы Талдысай ауылы болып, құрамына жалпы көлемі 36451 гектар, соның ішінде Талдысай ауылын және 5127 гектар аумақты қоса отырып, Талдысай ауылдық округі құрылсын.

3. Құрсай, Исатай, Жаңаталап ауылдық округтері таратылсын.

4. Қоса беріліп отырған схемалық картаға сәйкес Қобда ауылдық округінің шекаралары, құрамына жалпы көлемі 54761 гектар таратылатын Құрсай ауылдық округін, соның ішінде 6963 гектар Құрсай ауылын қоса отырып өзгертілсін.

Жалпы көлемі 65731 гектар Қобда ауылдық округінің шекаралары белгіленсін.

5. Қоса беріліп отырған схемалық картаға сәйкес Өтек ауылдық округінің шекаралары, құрамына жалпы көлемі 96655 гектар таратылатын Исатай ауылдық округін, соның ішінде 13624 гектар Жарсай ауылын қоса отырып өзгертілсін.

Жалпы көлемі 159659 гектар Өтек ауылдық округінің шекаралары белгіленсін.

6. Қоса беріліп отырған схемалық картаға сәйкес, әкімшілік орталығы Терісаққан ауылы болып, құрамына жалпы көлемі 38535 гектар Терісаққан ауылы әкімшілік-аумақтық бірлігінің аумағын, соның ішінде 4737 гектар Терісаққан ауылын, сондай-ақ жалпы көлемі 19340 гектар таратылатын Жаңаталап ауылдық округінің аумағын, соның ішінде 3368 гектар Жаңаталап ауылын қоса отырып, Терісаққан ауылдық округі құрылсын.

Жалпы көлемі 57875 гектар Терісаққан ауылдық округінің шекаралары белгіленсін.

7. «Ақтөбе облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» және «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемелері жаңадан құрылған әкімшілік-аумақтық бірлікті ұстауды жоспарлауға және қаржыландыруға байланысты мәселелерді шешсін.

8. «Ақтөбе облысының статистика департаменті» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) облыстың әкімшілік-аумақтық бірліктерінің есептік деректеріне тиісті өзгерістер енгізсін.

9. «Ақтөбе облысының жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі жер-кадастр құжаттамаларын Қобда ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысында жасалған өзгерістермен сәйкестендірсін.

10. Осы әкімдіктің бірлескен қаулысының және мәслихаттың шешімінің орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

11. Осы әкімдіктің бірлескен қаулысы және мәслихаттың шешімі алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. САПАРБАЕВ

**Облыстық
мәслихатының хатшысы**

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

**Облыстық мәслихатының
сессия төрағасы**

А. САДЫҚОВ